



№15 (1649)
2 мамыр
2017 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

АЙНАЛАНДЫ НҰРЛАНДЫР!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылым мен білімде ғана емес, рухани ізгіліктің де көшін бастап келеді. Оқу орнындағы әлеуметтік-инновациялық жобалардың бірі де бірегейі – ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлының идеясымен бастау алған, адамгершілікке үндейтін «Айналанды нұрландыр!» жобасы. Алтыншы жыл қатарынан жүзеге асып келе жатқан ауқымды жобаның биылғы қорытынды кеші жуырда салтанатты түрде аталып өтті.

ҚАЗАҚСТАН Қарулы Күштеріне – 25 жыл

1992 жылы 7 мамырда ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығымен еліміздің Қарулы Күштері құрылды. Содан бері 7 мамыр – Қазақстан Республикасының Қарулы күштері күні ретінде мерекеленіп келеді.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру 1991 жылдың 25 қазанынан басталды. Бұл кез әлі де болса КСРО-ның өмір сүріп тұрған кезі және оның өмірінің соңғы айлары болатын. Қазақстан аумағында КСРО Қарулы Күштерінің 200 мыңдық әр түрлі әскер құрамалары мен бөлімдері тұрды. Ол әскери құрамалар тікелей орталыққа бағынышты еді. Ал тәуелсіз ел болуға ұмтылған Қазақ Елі үшін әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ететін өз Қарулы Күштерінің болуы өмірдің басты талабы болды. Осыған орай 1991 жылдың 25 қазанында Қазақстан Президенті Н.Назарбаев қол қойған «Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс комитетін құру туралы» Жарлығы шығып, Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы қызметіне Кеңес Одағының батыры, генерал-лейтенант Сағадат Нұрмағамбетов тағайындалды.

Жалғасы 3-бетте

Жылдың үздік оқырманы кім?

Студенттердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың бастамасымен 2012 жылы «100 кітап» жобасы «Жас қазақ» газетінің ақпараттық қолдауымен әзірленгені белгілі. Оның аясында ҚазҰУ студенті оқуға тиіс отандық және әлемдік классиктердің үздік 100 шығармасы таңдалды. Жобаның негізінде әр факультетте конференциялар ұйымдастырылып, «100 кітап» тізіміне шығармасы енген авторлармен кездесу кештері өтуде. Әл-Фараби кітапханасы биыл үшінші жыл қатарынан оқырман-студенттер арасында жалпыуниверситеттік «Жыл оқырманы» байқауын ұйымдастырып келеді. Шараның салтанатты қорытынды кеші жақында кітапхананың үлкен залында болып өтті.

Бұл шара «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасын негізге ала отырып, ғылым мен техника қауырт дамыған, жастардың жаппай компьютерлік технологиямен әуестенуі кезеңінде студенттер арасында рухани құндылықтарды өркендету және классикалық туындылардың құндылығын дәріптеу, бәсекеге қабілетті, жан-жақты білімді болуға жол ашуды мақсат етеді. Сол арқылы шығармашылыққа тәрбиелеуді және жастар арасында кітап оқитын студенттің тартымды, заманауи бейнесін қалыптастыруды көздейді.

Үш кезеңнен тұрған сайыс қыркүйек айынан бастау алып, жыл бойына созылды. Алғашқы кезеңде ҚазҰУ студенттерінің «Көмек» қоғамдық қоры мүшелері, студенттік декандар, факультеттердің белсенділеріне арнайы тапсырылған 15 сұрақтан тұратын сауалнама парақшалары кітапханаға келген студенттер арасында толтырылып, оған 500-ге тарта студент жауап берді.

Жалғасы 4-бетте



Шараны ашқан ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов: «Бізді біріктіріп тұрған білім ғана емес, адами құндылықтар. Елбасы айтқандай, өмір сүру үшін өзгере білу керек. Жана жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Біз сіздермен жұмыла отырып, қоғамды дамытуға, жаңғыртуға атсалысуға тиіспіз», – деп атап өтті.

Университетте кеңінен талқыланып жатқан Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын қолдау әрі жүзеге асыруда «Айналанды нұрландыр» жобасының атқаратын рөлі зор. Бұл – еліміздің дамуы бойынша алға қойған стратегиялық мақсаттарды шешуге бағытталған ірі жоба. Ол қоғамды дамытушы ғана емес, жанымызды тазартып, айналаны нұрландыратын бірден-бір бағдарлама. Сондықтан кеште Елбасы мақаласындағы негізгі міндеттер жүйеленіп, баяндамалар жасалды. Алдымен тарих, археология және этнология факультетінің деканы Меңдігүл Ноғайбаева ұлттық кодты сақтаудың жай-жапсарына тоқталып, жоба турасында жүрекжарды жылы лебізін жеткізді. Ол: «Ректор бастамасымен қолға алынған бұл жоба университеттік қауымдастықтың әрбіреуінің жүрегінен жол тапты. Оқу орнының қабырғасынан түлеп ұшқан шәкірттеріміз «Айналанды нұрландырдан» алған жан жылуын өзімен бірге алып кетсе, жыл сайын біздің қатарымызға қосылып жатқан студенттер оны бойларына сіңіруде», – деді. Меңдігүл Сағатқызы ізгілікке негізделген идеяның жуырда жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани

жаңғыру» атты Елбасы мақаласымен үндесіп жатқанын тілге тиек етті. Оның айтуынша, бұл университет ұжымының заман ағымымен келе жатқандығының бірден-бір көрінісі. Сөз соңында факультет басшысы студенттерді Елбасының «Туған жерге туың тік!» идеясын жүзеге асыруға және алдыңғы қатарлы идеяларды таратуға шақырды. Өз кезегінде сөз алған студенттік клубтар мен үйірме қатысушылары рухани жаңғыру бойынша ұлағатты ұран тастады.

Үш тілде білім беру – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы. Осы ойды ортаға тастаған филология және әлем тілдері факультетінің кафедра меңгерушісі Айжан Молдағалиева Қазақстан бәсекеге қабілетті болуы үшін жастар рухани бай, білімді, жан-жақты болуы керектігін алға тартты. Ал факультет студенттерінің ағылшын тіліндегі мейірімділік пен жақсылық жайлы ой-толғаулары ұстаз сөзін бекіте түскендей.

«Айналанды нұрландыр» жобасы – өзінді өзгертіп, қоғамға өз үлесінді қосуға теңдессіз мүмкіндік. Біз ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейтіп, ең жақсысын алуымыз қажет», – деді өз сөзінде философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова. Ол жоба аясында факультеттің түрлі іс-шаралар мен жобаларға бастамашы болып жүргендігін айтты. Факультет студенті Галина Дураченко болса, еркін бәсекеге дайын болу қажеттілігін, ұлттық мінезді жетілдіру үшін прагматизмге бағытталу жайын қозғайды.

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР
АЛАҢЫ



2-бет

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ,
ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ,
БЕЛДІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ



5-бет

«MR & MS KAZNU –
2017»



8-стр.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Алматы қалалық сот төрағасының қатысуымен медиация және сот отырысы оқу залының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Жаңа мүмкіндіктер алаңы



Тұсаукесерде Ақжан Ештай үздік университетте аталмыш аудиторияның ашылуы аса маңызды оқиға екенін атап өтті. Енді сабақ уақытында студенттер арнайы жабдықталған сот отырысы залында тәжірибе жинақтай алады. Заң факультетінің деканы Дәулет Байдельдиновтің пікірінше, оқу аудиториясы студенттердің сот ісін жүргізу жұмысына қатысып, оның маңыздылығын түсінуге, алып отырған білім сапасын одан әрі арттыруға септігін тигізеді. Сот органдарының қызметкерлері, прокуратура, адвокатура, медиатор және басқа да тәжірибелі мамандар сот отырысының оқу залында тәжірибе сабақтарын жүргізетін болады.

Ректорат залында студенттерге дәріс оқумен жалғасқан кездесуді ҚазҰУ-дың әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шолпан Жаманбалаева ашып, Ұлт жоспарын іске асыру аясында сот жүйесін реформаландыру жайлы білімгерлерге берген маңызды мәліметтері үшін Алматы қалалық сот төрағасы Ақжан Жайлауханұлына алғыс білдірді. Ол өз сөзінде заңгер студенттер жана аудиторияда теориялық білімдерін шыңдап, соттың риторикалық дағдыларын үйренетіндігін тілге тиек етті.

Ақжан Ештай студенттер мен оқытушыларға арналған сөзінде екінші институционалды реформа негізінде сот жүйесіне бекітілген 10 арнаулы

қадамның орындалуы жайлы айтты. Жаңа заңнама шарттары бойынша үш сатылы сот жүйесі туралы, Сот төрелігі академиясының пайда болуы, алқа билер сот институты қызметінің шеңберін кеңейту жайына тоқталды. Мәселен, заманауи технологиялардың енгізілуі арқасында бірсыпыра бюрократиялық кедергілер және сот органдары қызметкерлері мен карапайым азаматтар арасындағы қарым-қатынас азайып бара жатыр. Барлық жаңалықтар мен өзгерістер еліміздің әрбір тұрғыны үшін сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуде. Сондай-ақ, студенттерге арнап сот қызметі және заңнамалық өзгертулер мен толықтырулар

туралы бейнероликтер көрсетілді.

Кездесуге қатысқан Алматы қалалық сотының апелляциялық сот коллегиясының азаматтық істер жөніндегі төрағасы Бақыт Мәлік-тегі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «100 нақты қадам» жоспарында белгіленген тапсырмалар мен міндеттеріне сәйкес, жаңадан қабылданған Азаматтық іс жүргізу Кодексінің нормаларынан хабардар етті. Ол Кодекс құқықтық тұрғыда әлеуметтік қайшылықтар мен қоғамдық келісімді сақтап қалуға бағытталғандығын атап өтті.

Кездесу соңында қонақтар студенттердің түрлі сауалдарына жауап беріп, «Қазақстанның сот реформасы: Кеше. Бүгін. Ертең» атты кітапты сыйға тартты.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

РЕКТОРАТ

ПРИОРИТЕТ - НАУКА

На очередном заседании ректората были рассмотрены вопросы о подготовке университета к грантовому финансированию и проведению Дня выпускников.

Проректор по научно-инновационной деятельности Тлеккабыл Рамазанов дал подробную информацию о проводимой работе по подготовке университета к участию в конкурсе на грантовое финансирование. Он акцентировал внимание на приоритетных направлениях развития науки на 2018-2020 годы, таких как: информационные, телекоммуникационные и космические технологии; научные исследования в области естественных наук; энергетика и машиностроение; рациональное использование природных ресурсов; геология; новые материалы и технологии; безопасные изделия и конструкции; наука о жизни и здоровье; устойчивое развитие агропромышленного комплекса и безопасность сельскохозяйственной продукции; национальная безопасность и оборона.

КазНУ обладает большим научным и кадровым потенциалом, что выделяет его среди отечественных вузов, это является одной из важных и сильных сторон университета. Так, в важнейших научных проектах сегодня трудятся интеллектуалы в лице 10 академиков и 7 членов-корреспондентов НАН РК, 446 докторов наук, более 820 кандидатов наук и 190 PhD докторов. По словам Т. Рамазанова, наличие опыта участия в конкурсах и реализации проектов по грантовому и программно-целевому финансированию МОН РК является большим преимуществом, что позволило университету в 2015-2017 годы выиграть 254 проекта.

Также им были озвучены некоторые параметры снижения эффективности в реализации научно-исследовательской деятельности по отдельным показателям с указанием внешних и внутренних рисков. Такая картина связана с общереспубликанским сокращением объемов финансирования, переносом сроков конкурсов, изменением условий их проведения и другими факторами. В этой связи становится актуальным привлечение внебюджетных источников финансирования для проведения НИОКР, а также участие университета в конкурсах АО «Фонд науки», «НАТР» и Всемирного банка.

В 2017 г. планируется подать заявки на девять проектов на общую сумму около 1 млрд. 150 млн. тенге, из которых 97 млн. тенге будут вложены партнерами. В 2018-2020 гг. планируется увеличение количества заявок на грантовое и программно-целевое финансирование по естественно научному направлению и по социально-гуманитарному профилю.

Вторым вопросом на заседании ректората была заслушана информация о ходе подготовки ко Дню выпускников КазНУ, который в этом году пройдет 27 мая. В программе праздника: возложение цветов к памятнику аль-Фараби и монументу У.А. Джолдасбекова, студенческий гала-концерт, бал выпускников, встречи на факультетах, вручение именных стипендий и награждение лучших выпускников университета.

Жазерке ҚАРАТАЕВА

Жалғасы. Басы 1-бетте

АЙНАЛАНДЫ НҰРЛАНДЫР!



Белсенді студент: «Ата-бабаларымыздан мирас болып қалған басты қазына, еліміздің басты байлығы, Абай, Мұхтар, Шәкәрім аталарымыз сөйлеген тілді сақтау – міндетіміз», – деп пікір білдіріп, жастарға үлкен жауапкершілік артты.

Экономика және бизнес жоғары мектебінің студенті Еркін Назарбай «Айналанды нұрландыр!» жобасы аясында жастарға жасыл энергияға ұмтылу, үнемшілдік таныту туралы ұсынысын жеткізді. Ол жүрекжарды ниетін жеткізе отырып, «ҚазҰУ – біз үшін киелі білім

ордасы қасиетті кара шаңырағымыз. Үйімізді қалай аялайтын болсақ, университетімізді де соншалықты аялауымыз керек. Ол – біздің міндетіміз», – деді.

Мерекелік кеште «Рухани» тобы жобаның ұранына айналған «Айналанды нұрландыр» және «Жан жылуы» әндерін орындады. Шараға арнайы келген, аталмыш әндердің композиторы Владимир Питерцев топтың Ғалым Мұтановтың идеясы негізінде құрылғандығын атап өтті. Ғалым Мұтанов топ репертуарындағы арман-тілек, жігер мен

жалынға толы өлең шумақтарының авторы болып табылады.

Сондай-ақ шарада «Айналанды нұрландыр» тақырыбындағы эссе байқауының қорытындысы жарияланып, жеңімпаз студенттер марапатқа ие болды. Тәлім мен тәрбиені ардақ тұтып, мейірім мен шапағатқа бөлеген рухани кеште әсерлі әңгімелер ғана айтылып қоймай, әдемі әндер де шықалды. Ғалым Мұтановтың сөзіне, Владимир Питерцевтің әніне жазылған «Көңіл құсы» әні әсем кешті әрлендіре түсті.

Әуезді мерекенің соңғы сөзін ҚазҰУ ректоры түйіндеп, жақсылық жасауға, рухани жаңғыруға шақырды. Ректор айналаны нұрландыру жақсы көруден басталатынын кезекті рет еске салды. «Кез келген жан өмірге қандай із қалдырамын деген ойды берік ұстануы керек. Көрәалмаушылық, қызғаншақтық бар жерде еш даму болмайды. Аяқтан шалу, арызқойлық жақсы қасиеттер емес. Небір ізгі ниеттерді жастар бойына қалыптастыру арқылы өркениетке қол жеткіземіз. Өркениет, алған ілім-білімді жақсы іске жұмсау, тәрбиеге ден қою арқылы елді, ұлтты дамытамыз. Міне, «Айналанды нұрландыр!» жобасының негізгі діттегені де осы», – деп тұжырымдады Ғалым Мұтанов. Университет басшысы өмірдің мәні, бақыт жайында жүректен шыққан жыр жолдарын оқып, еркін форматта студенттердің көкейінде жүрген сан түрлі сауалдарға жауап берді.

Әлемдік бағдарлама



Биыл Қазақстан Республикасы мен Орталық Азия мемлекеттерінің БҰҰ-ға мүше болғанына – 25 жыл. Осы орайда БҰҰ «Академиялық ықпалдастық» бағдарламасының жаһандық хабы ретінде ҚазҰУ-да Орталық және Оңтүстік Азия аумағындағы «БҰҰ Жаңа Жібек жолы моделі» атты ірі халықаралық студенттік конференция басталды. Конференцияға Үндістан, Пәкістан, Ауғанстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан, сондай-ақ АҚШ, Италия, Франция және т.б елдердің студенттері қатысуда. Салтанатты пленарлық отырыста БҰҰ өкілдері, шетел елшіліктерінің дипломаттары, Алматы қаласының әкімшілігі қызметкерлері жастарға сөз арнады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ БҰҰ «Академиялық ықпал» жаһандық хабына және Орталық Азиядағы тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО өңірлік хабына жетекшілік жасайды. Бұл бағыттағы жұмыстар жайлы университет ректоры Ғалым Мұтанов өз сөзінде айта келе, әлемдік деңгейдегі жауапты іс-шараның ҚазҰУ базасында өткізілуінің маңыздылығын атап өтті.

Конференцияға қатысушы шетелдік студент-жастар өз әсерлерімен бөлісті. Қырғыз-түрік Манас университетінің студенті Толгоной Маматова: «Қырғыз жастары мен қазақстандық жастардың ұқсастығы көп. Екі

ұлттың да жастары жалынды, пейілдері кең, қонақжай болғандықтан, Қазақстанды еш жатырмамай, жақын тартып кеттім», – дейді. Ол өзге ел өкілдерімен танысып, тәжірибе алмасып жатқандығын қуана жеткізді.

Шара аясында әлемдік кәсіби тренерлер ағылшын және орыс тілдерінде семинар-тренингтер өткізеді. Сондай-ақ қонақтар ару қала Алматының көрікті жерлеріне саяхаттап, көрікті орындарды аралайтын болады. Аталмыш конференция 30 мамырға дейін жалғасбақ.

Студенттік баспасөз орталығы

НАУЧНЫЙ ВЗГЛЯД НА ЭКСПО-2017

26 апреля 2017 года на кафедре довузовской подготовки ФДО КазНУ им. аль-Фараби прошла Республиканская учебно-методическая конференция «ЭКСПО-2017 – «зеленая технология»: проблемы формирования инновационных методов обучения в образовательном пространстве».

Международное сообщество выбрало Казахстан местом проведения Всемирной выставки «EXPO-2017». Такие выставки являются самыми престижными и авторитетными выставочными площадками в мире.

Накануне этого крупнейшего события научный мир университета вносит свой вклад в развитие инновационных методов обучения в образовательном пространстве. В Республиканской учебно-методической конференции приняли участие преподаватели из разных регионов Казахстана. В научных статьях поднимаются следующие вопросы: «Зеленая технология» – ценное наследие для будущего поколения; ЭКСПО-2017 в отечественной исторической науке и инновационные преобразования; качественное образование и воспитание – главный механизм инновационного пространства. Также была проведена «Ярмарка знаний», включающая в себя выставку методических достижений и мастер-классы.

Участники конференции выступили эмоционально, увлеченно обсуждая актуальные вопросы, тема «ЭКСПО-2017» никого не оставила равнодушными.

Г.Ж. КАКИШЕВА,
Р.Т. НАРАЛИЕВА

Жалғасы. Басы 1-бетте

Қазақстанның Мемлекеттік қорғаныс комитеті Азаматтық қорғаныс штабы мен Қазақ республикалық әскери комиссариаты негізінде құрылды. Қорғаныс комитетіне Қазақстан аумағындағы әскери жасақтарға бақылауды жүзеге асыру, сонымен бірге әскерлердің орын алмастырып, әр түрлі әскери жаттығулар жүргізуін, армияның әскери қызметіндегі басқа да бағыттарды бақылауда ұстау міндеті жүктелді. Қазақстанның Мемлекеттік қорғаныс комитеті әскери-кадрлық саясатын КСРО Біріккен қарулы күштері бас қолбасшылығының келісімімен жүргізіп отырды. Қазақстан аумағында тұрған әскери бөлімдер мен құрамалардағы полк командирінен бастап жоғары қызметтерге офицерлердің тағайындалуы міндетті түрде республика басшылығымен келісілуі керек болды.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығын құру туралы 1991 жылғы 21 желтоқсандағы келісімде ортақ әскери-стратегиялық кеңістікті және бірыңғай қолбасшылықты сақтау және қолдау туралы мәселе қарастырылды. Бірақ, ТМД-ға мүше елдердің кейбір басшылары өздерін стратегиялық күштерден басқа, өз елдерінің аумағында орналасқан әскерлердің бас қолбасшысы етіп жариялайды. 1992 жылдың басында ТМД елдері Қарулы Күштерін біріктірудің өзі мүмкін болмай қалды. Бұрынғы КСРО құрамындағы кейбір республикалар арасында территориялық қайшылықтарға байланысты әскери шиеленістер басталды. Бұл жағдай ТМД құрамындағы дербес елдердің өз Қарулы Күштерін құруды тездетті. Осыған сай, 1992 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қорғаныс комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құру туралы», «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» және алғашқы қорғаныс министрі етіп генерал-полковник (1993 жылдың 9 мамырынан армия-генералы) С.Қ.Нұрмағамбетовті тағайындау туралы Жарлықтарға қол қойды. Еліміздің тәуелсіздігін баянды етуде Қазақстан



Республикасы Қарулы Күштерінің атқарған рөлі ерекше. Сол себепті де ҚРҚК құрылған күні еліміздің қазіргі замандағы тарихында аса ерекше күн болып есептеледі.

ҚРҚК негізгі құрамын бірнеше (оның ішінде бір танк) дивизиясы бар 40-шы жалпы әскери армия, авиация корпусы, радио және радиотехникалық барлау бөлімшелері, жабдықтау бөлімшелері және Байқоңыр ғарыш айлағын, Семей сынақ алаңын және Сарышағандағы, Ембідегі, Арал теңізінің Барсакелмес аралындағы сынақ алаңдарын арнайы жабдықтау бөлімдері, базалар, арсеналдар, қоймалар және басқа да бөлімдер

мен мекемелер құрады. Қазақстанда барлығы 200 мыңнан астам әскерлер болды, олардың қарауында стратегиялық қарудың аталған түрлерінен басқа, 1200 танк және брондалған машиналар, 1500 артиллериялық жүйе және 370 әскери ұшақ бар еді. Бұрынғы Кеңес Армиясының аталған бірлестіктері, құрамалары және бөлімдері Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің негізін құрады. Тәуелсіз Қазақстан армиясын құруда қорғаныс мәселесі бойынша құқықтық негіз қалаудың маңызы зор болды. Бұл жұмысты Президент, Үкімет, Қорғаныс министрлігі белсенді жүргізді.

1992 жылы 22 қыркүйекте Жоғарғы Кеңес

«Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері және Қорғаныс туралы» Заң қабылдады. Ал 1993 жылы 19 қаңтарда «Жалпыға бірдей әскери міндет және әскери қызмет туралы» Заң, 1993 жылы 1 ақпанда «Әскери қызметшілердің және олардың отбасының мәртебесін әлеуметтік қорғалуы туралы» Заңдарды қабылдады. Сондай-ақ, 1993 жылы 11 ақпанда Президент бекіткен Қазақстан Республикасының алғашқы әскери доктринасы қабылданды. Ол соғысты болдырмау, қорғаныс қуатының жеткіліктілігі, ТМД елдерімен өзара көмек одағы принциптеріне негізделді. 2000 жылдың 10 ақпанында қабылданған екінші әскери доктринаның негізі Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы болды. Жаңа доктрина ҚК құру мен реформалаудың басты бағыттарын айқындады.

Қазіргі таңда Қазақстанның Қарулы Күштері – әскери басқару органдарын; Қарулы Күштердің үш түрі: Құрлық әскерлерін, әуе қорғанысы күштерін, әскери-теңіз күштерін; арнайы әскерлерді; Қарулы Күштердің тылын; әскери оқу орындарын; әскери-ғылыми мекемелерін қамтиды. Құрлық әскерлерінің құрамалары мен бөлімдері «Оңтүстік», «Шығыс», «Батыс», «Астана» өңірлік қолбасшылықтарына, сондай-ақ Аэроұтқыр әскерлеріне, Зымыран әскерлері мен артиллерияға біріктірілген. Бұл әскерлер Қазақстанның әскери қауіпсіздігін ойдағыдай қамтамасыз етуде. Ел тыныштығын сақтайтын Қарулы Күштердің дүниеге келген күні құтты болсын! Тәуелсіздігіміз баянды болғай!

Б.Б. КӨРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
Қазақстан тарихы
кафедрасының профессоры, т.ғ.д.

Енсе университеті мен Каннам Северанс госпиталінің дәрігерлері
ҚазҰУ-дың медициналық орталығында тегін кеңес өткізді

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҒЫРТУ ҚҰРАЛЫ

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев
«Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!»
атты Қазақстан халқына Жолдауында
жаңа әлеуметтік саясаттың басты
аспектісі ретінде білім беруге тоқтала
келе, университеттік білім беру мен
ғылымды дамытудың жаңа деңгейін
қамтамасыз ету міндетін қойған
болатын. Жоғары оқу орындары
білім беру қызметімен шектеліп
ғана қалмай, білім мен ғылым,
өндіріс бір мезгілде мамандану
мен интеграциялану бағытында
дамуы қажет. Жоғарыда аталған
міндетке жету жолында білім беру
жүйесін жаңғырту маңызды рөл
атқарады. Шетелдік жетекші ЖОО-ның
тәжірибесіне назар аударатын болсақ,
білім беру жүйесіне деген талаптарды
күшейту әрі оқытудың жаңаша
технологиясын қолдану арқылы адам
капиталын қалыптастыру маңызды
екендігін көрсетеді.

Жылдың үздік оқырманы кім?

Жалғасы. Басы 1-бетте



Сауалнама студенттің кітап оқу деңгейін анықтау мақсатында, анықтамалық ақпараттан басқа, төмендегідей сұрақтардан құралды: «Сіз «100 кітап» тізімінен қанша кітап оқыдыңыз?», «100 кітап» тізіміне енген, есіңізде қалған, әсері мол көркем шығарманы сипаттап жазыңыз», «Өзіңіздің ең сүйікті авторыңызды атаңыз», «100 кітап» тізіміне қандай жана кітаптар қосуды ұсынар едіңіз?» және т.б.

Сауалнама қорытындысының нәтижесінде қазақ шығармаларынан М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы мен Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» романы, М.Мақатаев пен М.Шахановтың өлеңдері, орыс әдебиетінен Л.Н.Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілігі», сонымен қатар америкалық жазушы Э.Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесі, Д.Лондонның «Теңіз корқауы» ҚазҰУ студенттері ең көп оқитын шығармалардың қатарына кірді.

Сауалнамаларды іріктеу барысында студенттің қанша кітап оқығандығы және сүйікті кітаптарының қысқаша сипаттамасын сауатты беруі, ойының ұшқырлығы, өз пікірін терең бере білу қабілеті, кітап оқуға деген құлшынысы мен қабілеттері ескеріліп, екінші кезеңге 40 үміткер өтті.

Қатысушылар тізімге енген ақындардың өлеңдерін жатқа оқып, берілген шығармалардан үзінді, монологтарды мәнеріне келтіре орындап, зеректігімен, өзіндік қарым-қабілетімен, талантымен танылды. Тартысты бәсекенің нәтижесінде 18 студент келесі үшінші кезеңге – оқырмандар конференциясына жолдама алды.

Үшінші кезеңнің шарты бойынша студенттер өзара пікірталас жасап, классикалық шығармаларды талдау барысында еркін дебат жасады. Бұл кезеңде студенттердің ең қызыққан, жақсы игерген шығармаларының қатарынан М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы, Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тері», М.Булгаковтың «Мастер и Маргарита» романы, Абай өлеңдері, М.Мақатаевтың шығармалары танылды.

Қорытынды марапаттау кешінде қатысушылар өз өнерлерін ортаға салып, қонақтар мен жанкүйерлерін бір серпілтіп тастады. Филология және әлем тілдері, заң факультеттерінің студенттері қазақ халқының тарихына байланысты кітаптардың желісімен «Мәңгілік ел» атты театрландырылған көрініс қойып, қазақ тарихы мен әдеби кітаптардан алған білімдерін ұштастыра білді. Физика-техникалық факультетінің студенттері Жұманова Айсана мен Асанов Хангелді С. Пушкиннің «Евгений Онегин» үзінді оқыса, механика-математика факультетінің студенті

Үшінші орынды Экономика және бизнес жоғарғы мектебінің 1-курс студенті Жолдас Ақмарал, заң факультетінің 1-курс студенті Танатар Әсет пен филология факультетінің 1-курс студенті Қайнарқызы Гүлден иеленді. Екінші орынды филология және әлем тілдері факультетінің студенттері Мұратханова Алуа мен Өтегенов Бекет бөлісті.

ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітаптың 80 кітабын оқып, байқау талаптарының барлық сұрақтарына жауап берген физика-техникалық факультетінің 2-курс студенті Асанов Хангелді «Жыл оқырманы–2017» жеңімпазы атанды. Жүлдегерлерге сый ұсынған «Қазақ университеті» баспа үйінің директоры Асан Алмас Талғатбекұлы және жас кәсіпкер «Step by step» тіл үйрету орталығының директоры Айбек Шегебаев үшінші, екінші орын иегерлеріне 2 айлық, 1-орын иесіне 1 айлық тегін тіл оқуға мүмкіндік беретін сертификат ұсынды.

Байқауға белсене қатысқан, ең көп үміткерлерімен ерекшеленген «Ең белсенді факультет» номинациясымен механика-математика факультеті алға шықты. Жүлде мен арнайы диплом осы факультеттің аға әдвайзер-кураторы Зубхарова Эльмира Мұқанқызына табысталды.

«Жыл оқырманына» қатысушы студенттер жана заманауи, материалдық құндылықтарға тәрбиелейтін, психологиялық кітаптардың тізімі жеке жасалып, одан бөлек классикалық шығармаларды қамтитын 100 кітаптың тізімі 200-ге жетсе деген ұсыныстар айтты. Болашақта студенттердің ұсыныстары талқыланып, жана тізім жасау қолға алынбақ.

«Жыл оқырманы» шарасының жүзеге асуына жетекшілік еткен Әл-Фараби кітапханасының директоры Туенбаева Қалима Төлеубайқызына және демеушілерімізге алғыс білдіреміз. Шараның жоғары дәрежеде ұйымдастырылып, қызықты да жемісті өтуіне басқарма басшысы А.Жаманқозева, бас кітапханашылар – Р. Кипчакбаева, Ж. Манапбаева, К.Көбегенова және Ж. Шығанабаевалар атсалысты.

Ұзақ уақытқа созылған байқау барысында түрлі факультеттердің студенттері жұдырықтай жұмылып, мақсаттары бір арнаға тоғысты. ҚазҰУ-дай іргелі оқу орнының білімді студенті, еліміздің болашақ элиталары ретінде бір жерден табыла білді. Білім мен бірлікті үндестіре білген студенттер үлкен белестерді бағындырады деп сенеміз! Жыл өткен сайын «100 кітап» жобасы аясында «Жыл оқырманы» сайысына қатысушы студенттердің көкжиегі кеңейде. Еліміздің ертені үшін барлық күш-қайратын білімге, оқуға жұмсайтын оқырмандар саны арта берсін!

Ш.Б. МҰҚАШЕВА,
шара үйлестірушісі



К.С. МҰХТАРОВА,
менеджмент және маркетинг
кафедрасының меңгерушісі,
э.ф.д., профессор;
А.Г. ЖҰМАҒАЗИЕВА,
аға оқытушы, МВА

**4 мая на факультете философии и политологии состоится лекция
«Движение Алаш и политические репрессии в Казахстане»**

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ, БЕЛДІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ



Мығым денелі, қашан көрсең де шалт қимылдап, салмақты ой қозғайтын осы азаматты сонау жастық шағынан бастап елінің қаржыға қатысты шаруасын түгендеуге жаралған жан ба дерсің. Шынында да, Сағындық Сатыбалдиннің ҚазМУ-дың экономика факультетін 1960 жылы бітіргеннен бергі Қазақстан, қала берді ғаламдық ғылымға сіңірген еңбегі мен төккен теріне кім-кімнің де құрметпен қарамауы мүмкін емес. Ол студент кезінің өзінде-ақ экономика ғылымының теориясы мен тәжірибесін меңгеру жолында қатарынан оқ бойы озып, жарқырап көзге түсті.

Сағындық Сатыбалдыұлы тек қана оқу мен ғылым саласында ғана емес, спортта да биікке көтеріле білді. Ол – Қазақстан чемпионы және Қазақ КСР-і мен Бүкілодақтық студенттер ойынының жүлдегері. Сондай-ақ халықаралық матчтардың жеңімпазы, КСРО-ның спорт жөніндегі бірінші санатты төрешісі. Осының өзі-ақ азаматтың қаншалықты қайрат пен парасаттың иесі екендігін көрсетпей ме?!

Жемісті еңбек жолын ол өзі бітірген С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың экономика факультетінде ассистенттіктен бастайды. 1962 жылы осы факультет негізінде Алматы халық шаруашылық институты құрылған кезде осы саладағы тұңғыш профессор М. Бутиннің қарамағындағы экономика-есеп факультетіне деканның орынбасары болып ауысады. Ал 1966 жылы білімін жалғап М.В. Ломоносов атындағы ММУ профессоры, КСРО ғылым мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер, С.К.Татур басқаратын «Социалистік өндірістегі бухгалтерлік есеп пен анализдің шаруашылыққа қызметі» кафедрасына аспирантураға түседі. 1967 жылы ММУ-дың экономика факультетінің Ғылыми кеңесінде экономика ғылымының кандидаттығына арналған диссертациясын мерзімінен бұрын қорғап шығады.

1975-1976 жылдары С. Сатыбалдин АҚШ-тың түрлі университеті мен ғылыми орталықтарында тәжірибеден өтеді. Ол Вашингтон университеті ағылшын тілінің жазғы курсы бағдарламасын, Иллиной университетіндегі халықаралық орталықтың коммерциялық колледж бен бизнес әкімшілігіндегі ғылыми зерттеу жұмысындағы мамандықты көтеруге арналған толық бағдарламасын меңгереді.

1979-1980 жылдары М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дың экономика факультетіне докторантураға түсіп, профессор А.Д.Шереметтің жетекшілігімен «КСРО мен АҚШ өндірісіндегі өнеркәсіп өнімдері шығынының есебі» тақырыбы бойынша тағы да докторлық диссертациясын мерзімінен бұрын қорғап, ғалымдардың құрметіне бөленеді. Диссертациялық жұмысына автор америкалық басқару жүйесінің есепке алу тәсілін, сондай-ақ есепке алудың әдістемелігі мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялауды, оларды КСРО-да бухгалтерлік есепке алу ұйымдастыру жұмысымен салыстыра отырып зерттейді. Күні бүгінге дейін манызы жойылмаған мәселелерді өмірге қалай енгізу қажеттігі жан-жақты көрсетіледі. 1981 жылы С.Сатыбалдыұлы Алматы Халық шаруашылығы институтының профессоры атағын иеленді.

Институтта қызмет істеген кезінде Сағындық Сатыбалдыұлы оқу жүйесін шебер ұйымдастырушы, мәртебелі ұстаз тұрғысынан танылады. Оның өндіріс пен

өмірлік тәжірибені байланыстыра оқыған дәрісі ұстаздық шеберліктің үлгісіне айналады. Осы кезде ол өзінің білім беру мен шаруашылық қызметінің байланысын талдаған ондаған оқу құралы мен ғылыми еңбектерін жариялайды. Оларға Мәскеу мен Қазақстанның түрлі баспаларынан «Кәсіпорын мен бірлестіктің шаруашылық қызметіне анализ», «Құрылыс ұйымдарының шаруашылық қызметіне анализ», «АҚШ өндірісіндегі шығынды есепке алу», «Машиналық есепке алу жүйесі және экономикалық анализ», «Өндірістік кәсіпорындардағы шаруашылық қызметті талдаудың мақсаты жайлы жинақ», «Нан жабу кәсіпорнындағы шаруашылықты бухгалтерлік есепке алу мен анализдеу» атты көлемді-көлемді еңбегін жатқыза аламыз.

1983 жылы республикадағы есеп саласындағы танымал маман ретінде Сағындық Сатыбалдыұлы Қазақ КСР Ғылым академиясына бірінші орынбасарлыққа өндірістік күшті зерттейтін Кеңеске қызметке шақырылады. Ол мұнда Қазақстандағы өндірістік күшті орналастыру жүйесін басқарып, абыройлы міндет атқарады. Бірнеше монография жариялайды.

1984-1985 жылдары экономиканы басқару саласындағы басшы кадрлар мен мамандарды жетілдіру мен дайындау туралы КСРО мен Вьетнам Социалистік Республикасының келісіміне орай С.Сатыбалдин еліміздегі беделді де белсенді ғалым ретінде Вьетнам коммунистік партиясының орталық комитеті мен Вьетнам өкіметінің шаруашылық басқармасының жанындағы Жоғары мектепке сабақ беруге барады. Ол оқыған дәрістің толық мәтіні оқулық ретінде вьетнам тілінде кітап етіп шығарылады. Сол кездегі Вьетнам Министрлер Кеңесінің төрағасы Фан Ван Донг мұны дәріс оқудың теориялық ең үздік үлгісі деп жоғары бағалайды.

Кеңес Одағының Орталық партия комитеті мен Министрлер Кеңесінің 1985 жылғы «Мектеп реформасы...» қаулысына сәйкес, Қазақ КСР-і Қазақстандағы педагогикалық ЖОО-лардың кадрын нығайтуға шешім шығарады. Осылайша институтта істеп жүрген тәжірибелі 11 жас ғылым докторы мен профессор республикалық педагогикалық жоғары оқу орындарына жіберіледі. Осыған орай С.Сатыбалдин еліміздегі ертеден келе жатқан оқу орны саналатын Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтқа ректор қызметіне барады. Бұл кезге дейін мол тәжірибе жинақтаған ғалым жоғары оқу орнындағы білім берудің нақты да тың бағдарламасын жасайды. Олар: «Мұғалімдік мамандыққа кіріспе», «Тәрбие жұмысының әдістемесі», «Оқытушылық шеберліктің әдістемесі», «ПТУ-дағы оқу-тәрбие жұмысы»,

«Халыққа білім беру саласының экономикасы» және т.б. курстар. Институттың басқару жүйесін қайта құрып, жоғары оқу орнын ғылыммен тығыз байланыстыра отырып, білімді қоғамдағы жалпы ағыммен ықпалдастырады. Ғалым институтта «Мектеп – педагогикалық жоғары оқу орны – мектеп» өндіріс кешенін, облыстағы ауылдық жердің оқушыларын дайындайтын «Болашақ мұғалім» факультетін ұйымдастырады.

Институтта жұмыс істеген жылдары Сағындық Сатыбалдыұлы қалалық және облыстық басқарма ұйымының мүшесі болып сайланады. Сонымен қатар Қазақстан мұғалімдерінің ІҮ съезіне, кәсіподақ қызметкерлерінің Х съезіне, КСРО ғылыми мекемелері мен денсаулық сақтаудың, КСРО кәсіподағының ХІІІ съезіне делегат болып қатысады. Оған қоса Орал облыстық Балалар қорын басқарады. Сол кездегі Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Ә.Назарбаев Батыс Қазақстан облысына сапары кезінде ректордың қызметіне ризашылықпен жоғары баға берді.

1990 жылдың қаңтар айынан бастап С.Сатыбалдыұлы республиканың өзін-өзі қаржыландыру мен басқаруға көшуіне байланысты осы саланы жете меңгерген маман ретінде Ғылым академиясының Экономика институтына қызметке ауысады. Мұнда ол ғылыми-зерттеу жұмысын онтайландыру бағытының басымдығын айқындаумен айналысып, үлкен жетістіктерге жетеді. Осы кезде С.Сатыбалдин басшылығымен төмендегідей бағдарламалар жүзеге асты. Олар: «13-бесжылдықтағы Қазақстанның сыртқы экономикалық концепциясы», «Қазақ Республикасындағы кооператив қозғалысын дамыту концепциясы», «Алматы қаласы мен Алматы облысының нарықтық экономикаға өту бағдарламасы», «Нарықтық қатынасқа көшудегі Торғай облысының әлеуметтік-экономикалық болашағы», «Шаруашылық есеп пен өндірістің негізгі бөлімін өзін-өзі қаржыландыру кезіндегі ақырғы нәтиже», «Өнеркәсіптегі нарық механизмі және өндірісті тұрақтандыру». Аталған ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізінде ғалым «Экономикалық егемендік пен табиғи байлықты бағалау», «Нарық жолында бірлесу», «Нарыққа көшу кезіндегі экономикалық механизмнің жұмыс істеу жағдайы» монографияларын жариялайды.

Қазақстанның егемендікке ұмтылып, нарықтық экономикаға енді-енді қадам баса бастаған алғашқы кезінде елдің экономикалық тоқырауға ұшырауы заңды еді. Қаражат болмауынан өндіріс ошақтары жұмысын тоқтатып, жана құрал-жабдық алудың жолы кесіліп, жұмысшыларға жалақы төленбей жатты.

Нак осындай шақта ҚР Президенті жанындағы Менеджмент экономика және болжау институтына басшы қызметкерлерді іріктеу кезінде таңдаудың С.Сатыбалдинге түеуі тектен-тек емес еді. Сөйтіп, ол 1993 жылы сол институттың атқарушы директорының бірінші орынбасарлығына тағайындалды. Бұл қызметте де Сағындық Сатыбалдыұлы аянбай еңбек етіп, республика бойынша тұңғыш рет батыстық үлгідегі жоғары оқу орнын қалыптастырады. Басқа да көптеген жұмыспен қатар ол Оңтүстік-Шығыс Азия экономикасындағы реформаны

зерттейді. Соның негізінде алты ғылыми-сараптамалық монография жариялайды.

Сағындық Сатыбалдыұлы 2004 жылдың маусым айынан бастап қазірге дейін Қазақстан-Британ техникалық университеті академиясының директоры, экономика-қаржы факультетінің деканы және кафедра меңгерушісі. Академик Дүниежүзілік қауымдастық ұйымы қаржыландыратын кедей және нашар дамыған елге (Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан) техникалық көмек көрсетуге бағытталған халықаралық білім беру бағдарламасын енгізуге де зор үлес қосып келеді. Оның көлемі 575 баспа табақ болатын 400-ден астам ғылыми еңбегі соның дәлелі. Еңбектері ТМД, АҚШ, Вьетнам, Оңтүстік Корея, Жапония, ҚХР, Швеция, Пәкістанмен және басқа да көптеген елдерде жарық көрді.

2004 жылы Кембридж университетінің библиографиялық орталығы С.Сатыбалдинге Күміс медальмен қатар «XXI ғасырдың көрнекті ойшылы» деген атақ берді. Оны Азия жөніндегі Бас директордың орынбасары етіп тағайындады. Ал 2006 жылы АҚШ-тың мәдениет және білім қайраткерлері мен Американың библиографиялық институты жалпы жиналысының шешімімен қазақ ғалымына халықаралық ауқымдағы экономикалық мәселелерді шешуге қосқан үлесі үшін «Бейбітшілік үшін халықаралық марапат» Құрметті дипломы табысталады.

2008 жылдан 2016 жылға дейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебінің есеп және аудит кафедрасында профессорлық қызметті атқарып келді. 2016 жылдан ҚазҰУ Экономика зерттеу институтының кеңесші профессор қызметінде.

Ғалымның өлшеусіз еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің «А.Байтұрсынов атындағы Алтын медалмен», «ҚР білім беру саласының құрметті азаматы» атағымен, «Содружество» бухгалтер-аудиторлар қауымдастығының «Бухгалтердің алтын жұлдызымен», 2013 жылдың қорытындысы бойынша ТМД ұйымына мүше бес мемлекет ішінде «Жыл адамы» атағымен, 2014 жылдың қорытындысы негізінде елімізде «Алтын Адам» атағымен, 2015 жылы ҚР Президентінің алғысымен, Сағадат Нұрмағамбетов атындағы «Сағадат сардар» және «ҚР Конституциясына 20 жыл» төсбелгілерімен, 2017 жылы «ҚР ғылым дамуына зор үлес қосып жүрген біртуар ғалым. Бар қажыр-қайратын ел өміріндегі күрделі мәселелерді шешуге жұмсаған азаматқа қандай мақтау сөз айтса да жараспай ма?! Оның қандай мақтауға да лайықты тұлға, ұлағатты ұстаз, ғұлама ғалым екендігіне жоғарыда баяндалған өмір жолы, еткен еңбегі дәлел. Құрметті перзентіне халқы сондықтан да әрқашан жемісті еңбек, бақытты ғұмыр, денсаулық тілейді.

Көпжасар НӘРІБАЕВ,
э.ғ.д., профессор



ӘДІЛДІКТІҢ АҚ ЖОЛЫНДА



Қайрат Әбдіразақұлы Мәми ұлы бабамыз Жамбылдың туған ауылынан. Біз бәріміз бір ауданнанбыз. Бала кезімізде Жамбыл бабамыз туған топырақтан жаратылғанымызға қуанып, өзімізге биік мәртебе санайтынбыз. Қайраттың әкесі Әбдіразақ ол кезде бастауыш мектептің мұғалімі. Ұлы Отан соғысынан жараланып келгеніне қарамастан ұстаздық қызметінде аса жауапты, үлгі тұтар тұлға болды. Ол кісі туралы аудандық газетте үнемі мақтау мақалалары жарияланып тұрушы еді. Әбекең адал еңбегімен елге сыйлы, жұрт құрметіне бөленген жан еді. Қайрат көп балалы отбасында өсті, мектепті жақсы оқыды. Жас кезінен бастап-ақ әділдік жолын қуып, арғы бабасы Төле биге тартып турашыл азамат болып өсті. Өз білімімен орта мектепті өте жақсы бітіріп, 1976 жылы университетке түсті. Әділет жолын пір тұтатын Қайратты ауылдастары «біздің ауылдың Қанай Боранбаевы» деп отыратын.

Оның жетекшілігімен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Жоғары сот Кеңесі туралы», «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы», «Аралық соттар туралы», «Прокуратура туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы» заңдары әзірленіп, қабылданды. Соттардың құқық қолдану тәжірибесіндегі өзекті мәселелер жөніндегі Жоғарғы соттың нормативтік қаулылары әзірленді. Сот санкциясы бойынша қамауға алу, сондай-ақ арнаулы экономикалық және ювеналды соттар мен алқа билер сотын құруға байланысты заң актілерін әзірлеуге және тәжірибеге енгізуге тікелей қатысты. Қ.Ә. Мәмидің басшылығымен ҚР Жоғарғы сотының Стратегиялық жоспарлары, Сотты қалыптастыру стратегиясы әзірленді. ҚР Судьялар одағын құру туралы бастама жасалып, ол Халықаралық судьялар ассоциациясына кірді. ҚР Бас прокуроры болған кезде К.Ә. Мәми құқық қорғау жүйесі қызметінің сапасын арттыруды, құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын үйлестіруді жақсартуды қамтамасыз етті.

Республикасының прокуратурасына 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медальдарымен марапатталды.

Міне, осындай ерен еңбегінің арқасында Қайрат Әбдіразақұлы көп жылдардан бері сот жүйесінде жауапты қызметтерді адал атқарып келеді. Аса маңызды қызметтерді атқара жүріп Қайрат Әбдіразақұлы ғылыми жұмыспен айналысуға да зор уақыт бөліп, студенттерге, магистранттарға дәріс оқып, сот тәжірибесінен мәліметтер беріп, болашақ жас мамандарға әділетті болуға, зандылық пен тәртіпті сақтауға, құрметтеуге үйретуде.

Бүгінде Қайраттай ұлды тәрбиелеген әкесі мен анасы, өкінішке орай, өмірде жоқ. Олар – адал еңбек етіп, үлгілі отбасы болған жандар еді. Екеуі де балаларын еңбекқорлыққа, адалдыққа үйретті. Ата-ананың сол өнегесін көрген ұрпағы әділет жолынан айныған емес. Бүгіндері Қайрат Әбдіразақұлы – Тәуелсіз еліміздің үлгілі заңгері. Осы ретте қазақтың атақты биі, суырып салма ақыны Майқы би Төбейұлының «Кімнен кім туады?» – деген сұраққа: «Тұлпардан тұлпар туады, сұңқардан сұңқар туады. Асылдан асыл туады, жалқаудан масыл туады, масылдан мал бақпас туады. Тіл азардан қылжақпас туады. Сараңнан бермес туады. Соқырдан көрмес туады. Мылжыннан езбе туады. Қыдырмадан кезбе туады», – деп жауап бергені ойға оралады. Ендеше, Қайрат ініміз тұлпардың да, сұңқардың да, асылдың да бірегей тұяғы. Оған дәлел – әкесі Әбдіразақ ағамыздың үлгілі өмірі, Қайраттың заңдылық пен құқық тәртібін сақтаудағы дара жолы, адал, өнегелі, әділетті қызметі.

Ел білімі мен ғылымының кара шаңырағы ҚазҰУ-дың данқты түлегі, әділеттің ақ жолын қуған Қайрат Әбдіразақұлы Мәмиді келе жатқан туылған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Зор денсаулық, отбасына амандық, ауызбіршілік, бақ-береке тілейміз. Адал қызметінің жемісі ұзақ болсын!

Арықбай АҒЫБАЕВ,
з.ғ.д., профессор,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Алматы облысының құрметті азаматы

Қайратқа рухани тәрбие, күш-жігер берді.

Қайрат жастайынан қандай шаруаны да жақсы атқарып, көзге түсті. Университетте де күні-түні ізденіп оқуының арқасында терең білім алып, үздік студент болды. 1981 жылы ҚазҰУ-ды бітіре салысымен – жолдамамен бұрынғы Гурьев (қазіргі Атырау) облысына облыстық сотқа судья болып тағайындалды. Онда үлгілі, адал қызметкерлермен араласып, тәжірибе жинақтады, өзі де белді судьялар қатарына қосылды. Халқымыз «Еңбек – бәрін де жеңбек» деген сөзді тегін айтпаса керек. Одан кейінгі еңбек жолына тоқталсақ, Алматы қалалық сотының төрағасы, 1990 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Сотының мүшесі, 1995 жылы ҚР Жоғарғы сотының Қылмыстық істер алқасын басқарды. 1999-2000 жылдары ҚР Әділет министрінің орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары, 2000 жылдан бастап ҚР Жоғарғы сотының төрағасы, 2009 жылы ҚР Бас прокуроры, 2011 жылғы сәуірде ҚР Парламенті Сенатының төрағасы болып сайланды. 16 қазан 2013 жылдан осы уақытқа дейін ҚР Жоғарғы сотының төрағасы. Сондай-ақ Қайрат Әбдіразақұлы Мәми өзі түлеп ұшқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығының төрағасы.

Соттағы көп жылғы тәжірибесі негіз болған ауқымды және жемісті жұмысының нәтижесінде Қазақстандағы сот жүйесі мен сот билігінің құрылуы және қалыптасуына байланысты алты монография, 50-ден астам ғылыми жұмыс жазды. Бұл еңбектердің бәрінде сот төрелігі мен прокуратура органдарының мәселелері, олардың тиімділігін арттыру жолдары жан-жақты зерттеліп, сондай-ақ еліміздегі тәуелсіз сот төрелігінің қалыптасуына, құқықтық мемлекеттегі оның рөлін бекітуге, адам құқықтары мен бостандығын қорғауға салмақты және шынайы талдау жасалды.

Мемлекетке сіңірген елеулі еңбектері үшін Қ.Ә. Мәми «Парасат», II дәрежелі «Барыс» ордендерімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл», «Астананың 10 жылдығы», «Қазақстан

Президент страны Н. Назарбаев в своих Посланиях народу Казахстана всегда уделяет большое внимание молодежи Казахстана, призывая продолжать обучение, совершенствовать свои знания и всесторонне развиваться. В своих выступлениях он особо подчеркивает: «Знания мы рассматриваем как экономический ресурс государства, фактор производства. Мы последовательно модернизируем национальную систему образования, приближая ее к международным стандартам, поэтому полученные вами знания служат лишь стартовым капиталом, вам нужно непрерывно работать над собой, повышать свое образование и профессиональные компетенции».

Магистратура – это второй уровень высшего профессионального образования. На сегодняшний день в университете подготовлено более 8 000 магистров по более чем 80 специальностям.

КазНУ является ключом, который открывает перед магистрантами дверь к широким возможностям и большим перспективам самореализации своих профессиональных и личностных качеств. Начиная с 2010 учебного года магистранты КазНУ могут обучаться по программам дублированного образования, в том числе в магистратуре Сетевых

ПРИОРИТЕТНЫЙ ПУТЬ



университетов стран ШОС (Шанхайская организация сотрудничества) и стран СНГ. В сфере международного сотрудничества КазНУ предоставляет магистрантам уникальную возможность для прохождения летних курсов стажировки в ведущих зарубежных организациях образования и науки. Также по академической мобильности магистранты могут продолжить образование или приобрести научный опыт за рубежом путем участия в

краткосрочной образовательной или научно-исследовательской программе. С 2015 года университет начал реализацию грантовых программ целевой подготовки кадров для приоритетных отраслей индустрии в рамках Государственной программы индустриально-инновационного развития РК.

В нашем университете успешно осуществляется подготовка магистрантов по специальности: «Социальная педагогика и

самопознание». Образовательная программа магистратуры ориентирована на подготовку высококвалифицированных специалистов по социальной педагогике и самопознанию, обладающих знаниями и компетенциями, востребованными в сфере образования. Большое внимание в магистратуре уделяется не только теоретической, но и практической подготовке. Наши магистранты имеют возможность выезжать в ведущие вузы зарубежья для прохождения научной стажировки, а также возможность для публикаций своих научных статей в зарубежных рейтинговых изданиях.

В заключении, приведем слова ректора КазНУ Г. Мутанова «Мы с полной уверенностью можем говорить о том, что готовим будущее Казахстана, ведь подавляющее большинство наших выпускников входят в элиту казахстанского общества и участвуют в формировании вектора развития страны. Это – наш самый важный результат, мы гордимся им и с уверенностью смотрим в будущее».

А.С. МАГАУОВА,
д.п.н., профессор кафедры педагогики и образовательного менеджмента;
Гульсан ИСКАКОВА,
магистрантка 2-го курса специальности «Социальная педагогика и самопознание»

В эпоху глобализации Республика Казахстан закономерно придает большое значение качеству образования современных специалистов, гарантирующих в будущем конкурентоспособность государства. В своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев довольно точно заметил: «Образование – самый фундаментальный фактор успеха в будущем».

ВЫБОР ВУЗА – ВЫБОР БУДУЩЕГО!



РК. Такая разновидность массового образования рассчитана на слушателей самого различного уровня: как на новичков, так и на имеющих уже опыт специалистов. MOOK представлен, обычно, курсом учебных лекций, рассчитанных минимум на 3 модуля. Для каждой темы предложенного курса-тестовая проверка усвоенного материала. После успешного завершения курса предусматривается получение специального сертификата. Это довольно комфортный, удобный для потребителя вариант повышения квалификации и самообразования.

Что же такая форма массового образования дает ее авторам - преподавателям? Прежде всего, - это возможность непрерывного повышения квалификации, широкой презентации личных достижений, оперативного оформления имиджа и, кроме того, MOOK являются источником дополнительного дохода для педагога.

Практика развития образования в современном мире показывает, что сегодня все сложнее становится с помощью традиционных средств обеспечивать растущие образовательные потребности людей. Создание и развитие массовых on-line курсов в КазНУ им. аль-Фараби – это практическая реализация концепции открытого образования, соединения бизнес-структур среднего уровня с образовательной средой, которая предоставляет возможность каждому желающему представить миру свой интеллектуальный продукт, а потребителю – получить требуемые знания из «первых рук», осуществить стажировку у самых известных представителей научно-педагогической общности мира.

С.М. ПУЗИКОВА,

д. пед. наук, доц. кафедры педагогики и образовательного менеджмента

Қала ішіндегі «Казгуград» қалашығы деп аталып кеткен құтты мекенде студенттердің білім алуына барлық мүмкіндік жасалған. Ө.Жолдасбеков атындағы 1600 орындық студенттер сарайы, ТМД елдеріндегі жалғыз үлкен ауқымды Өл-Фараби кітапханасы, спорт кешені мен стадион, жаңа ғимараттар, әскери кафедра, технопарк, 5000 студентке арналған студенттер үйі, медициналық орталық және студенттерге қызмет ету орталығы студенттер игілігі үшін қызмет етуде.

ТАЛАНТТЫЛАР МЕКЕНІ

Университетімізде дәстүрлі түрде «Жалын» бірінші курс таланттарын анықтау, «Студенттік көктем», КВН, «Ана тілі аруы – Жігіт сұлтаны» сияқты байқаулар жоғары деңгейде өткізіліп тұрады.

Сондай-ақ, студенттердің көпбасшылық қабілеттерін, ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту мақсатында жастар ұйымдары комитеті жұмыс істейді. Оның құрамына «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, Студенттер сенаты, «Көмек» еріктілер қозғалысы, Студенттер кеңесі, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, Студенттердің ғылыми қоғамы кіреді. Қазіргі уақытта университеттегі барлық мерекелік іс-шаралар тікелей жастардың қатысуымен өтеді. Ғылыммен айналысқысы келетін студенттер үшін де дәстүрлі түрде «Ғылым әлемі» сияқты конференция, форумдар ұйымдастырылып тұрады. Инновациялық жобаларға құштар, заман ағымынан қалмауға тырысатын студенттер үшін әр факультетте бизнес-инкубаторлар, университетте технопарк қызмет етеді.

ҚазҰУ – талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен. Сыйластық пен шынайы достықтың ордасы. ҚазҰУ – ғашықтардың мекені. ҚазҰУ – адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік береді.

Ж.Т. КАРАШЕВА,

азаматтық құқық және азаматтық іс-жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы

PR-ЩИКИ БЛЕСНУЛИ ПРОЕКТАМИ

В Казахстане прошел уже в 15-ый раз «Сиреневый PRорыв». Это единственная в Казахстане для студентов специальности «Связь с общественностью» международная конференция – конкурс проектов. Кстати, вне с удовольствием участвуют и другие специальности – журналисты, менеджеры, маркетингологи, логисты, социологи.

Как отметила один из организаторов конкурса Лаура Барысова, ежегодный отбор всегда строгий – по пять проектов студентов девяти университетов страны стали участниками финала. В 2017 году в центре внимания стали такие направления, как «Бизнес-PRодвижение», «Как правильно расставить PR-сети» и «PRавильные стратегии». Студенты-PR-щики должны были не только убедительно презентовать, но и продемонстрировать уникальность своего проекта и убедить в его жизнеспособности. Все проекты конференции в течение многих лет славятся тем, что они уже принесли результат или находятся на стадии реализации. Конечно, конкурсанты не только показали креатив и знание основ PR, потому всем участникам и гостям оказалось интересно увидеть, какие выгоды дает организация центра здорового питания в вузе, как помочь молодым мамам-студенткам организовать детсад при институте, что можно делать с попутчиками по дороге в университет, как при поддержке студенчества улучшать экологию и многое другое.

Авторитетное жюри из членов клуба PR-шы и Национальной Ассоциации по связям с общественностью (НАСО) выбрало лучшие работы, дав участникам объективную экспертную оценку. Проект студентов КазНУ им. аль-Фараби «Лидерами станем» получил 3-е место в номинации «Как правильно расставить PR-сети». Студенты специальности СО факультета журналистики Ислам Ибрагимов, Рамазан Кабдыкенов и Шынғыс Уалихан показали, чего можно достигнуть, с помощью SMM-продвижения образовательного центра.

Александр РОЖКОВ,
доцент факультета журналистики, к.филол. н.

Жуырда философия және саясаттану факультетінің ұйымдастыруымен қаламыздағы білім ордаларының бітіруші түлектеріне арналған ашық есік күні өтті. Оларға еліміздің алдыңғы қатарлы оқу орындарының көшін бастап тұрған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ туралы жан-жақты деректер ұсынылып, студенттердің сүйікті мекеніне айналған университет қалашығына серуен ұйымдастырылды.

Білімгерлерге арналған салтанатты жиын университетіміздің жетістіктері мен табыстарын айқын баяндайтын бейнероликтің көрсетілімінен басталды. Алғашқы боп сөз алған философия және

ЖАРҚЫН КЕЗДЕСУ

саясаттану факультеті деканының орынбасары, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Нұрсұлу Сейіткерімқызы білім мен ғылымның қарашаның саналатын Қазақ ұлттық университетінің өткені мен бүгінгісі, жақын болашақтағы жарқын жобалары мен жоспарлары жайында әңгімеледі. Кездесуді педагогика және білім менеджменті, жалпы және қолданбалы психология, саясаттану және саяси технологиялар, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс, философия, дінтану және мәдениеттану кафедраларының меңгерушілері мен білікті оқытушылары әр мамандықтың ерекшелігі, қиындығы мен қызығы, білім берудегі жаңа бағыт, инновациялық технологиялар туралы

баяндамаларымен жалғалды.

Сондай-ақ басқосу барысында факультет кабырғасынан түлеп ұшқан үздік түлектер мен белсенді студенттер өз мамандықтарын игерудегі тәжірибелерімен бөлісті. Өмірдегі маңызды баспалдаққа қадам жасағалы тұрған оқушылар іргелі білім ордасының арманға жетелеріне зор сенім білдіріп, университетімізге келер жолы қонақ болып емес, оның студенті қатарында келуге уәделерін берді.

Жәмילה МАХАМБЕТОВА,

педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының оқытушысы

Халықаралық ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЛИМПИАДА

IV Халықаралық Фараби оқулары аясында заң факультетінің ұйымдастыруымен халықаралық құқықтық олимпиада өтті.



Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, ҚазҰУ-дың басты мақсаты – ғылымның дамуы үшін тың серпін, дұрыс бағыт-бағдар беру. ҚазҰУ ректоры Ғ.М. Мұтанов жастардың ғылыммен айналысуына зор қолдау танытуда.

Олимпиаданың ашылу рәсімінде заң факультетінің деканы, заң ғылымдарының докторы, профессор Д.Л. Байдылдаев соңғы жылдары еліміз жастар арасындағы бірқатар мәртебелі зияткерлік жарыстардың орталығына айналғандығын атай келе, «Сіздердің көпшілігіңіз үшін бұл олимпиада үлкен ғылым әлеміне бастар алаңға айналатындығына сенімдімін. Барлық олимпиада қатысушыларына осы жарыста жоғары нәтижелер, жаңа ғылыми жаңалықтар, сәттілік тілеймін», – деді.

Құқықтық олимпиада 8 пәннен, атап айтсақ,

мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық, азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, сонымен қатар қаржы және экологиялық құқық пәндері арасында ұйымдастырылды. Олимпиада қазақ, орыс және ағылшын тілінде жүргізілді. 300-ден астам қатысушылардан өтініш келіп түсіп, оған Ресей, Қырғыз елі және Польша мемлекеті университеттерінің студенттері, еліміздің барлық аймақтарының өкілдері қатысуға ниет білдірді. Шара жоғары деңгейде өтіп, жеңімпаздар арнайы дипломдармен марапатталды.

Е.Т. НҰРМАҒАНБЕТ,

заң факультетінің деканының орынбасары, Ph.D, қауымдастырылған профессор

Жемісуга еанар

Физикалық-химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының 4-курс студенттері «Салауатты өмір салты» жобасының аясында факультет ұстаздары жетекшілігімен химия және химиялық технология факультетінің 2-3 курс студенттерін Есік көліне саяхатқа апарды.

Саяхат барысында кең-байтақ еліміз Қазақстанның Жетісу жерінің керемет көрікті жерлерін аралап, студенттер жақсы көңіл-күйге бөленді. Жер-Ана құшағында терең тыныс алып, Есік көлінің аспанның тұнығындай мөлдір суының өзі ерекше әсер сыйлады. Студенттер әр түрлі спорттық ойындар ұйымдастырып, жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Күн сайынғы қарбалас өмірден демалғыңыз келсе, табиғатқа шығыңыз, бой сергітіңіз. Табиғаттан артық емші табылмас!

Э. ЕРМОЛДИНА,

оқытушы



«Mr & MS KazNU – 2017»

В КазНУ им. аль-Фараби впервые прошел один из самых увлекательных и масштабных конкурсов «Мистер и Мисс КазНУ – 2017». Отличительная черта мероприятия в том, что «Мистер КазНУ» в стенах нашего университета проводится впервые, и, несмотря на это, он собрал много интересных и положительных отзывов со стороны студентов и гостей.



получила студентка третьего курса факультета международных отношений Салтанат Байкулова. Звание Первой Вице-Мисс было

присвоено студентке факультета географии и природопользования Арайлым Блешовой. Второй Вице-Мисс стала студентка факультет

востоковедения Мадина Исакова.

Несомненно, главной интригой конкурса было: кто же станет Первым Мистером нашего университета?

И титул Мистер КазНУ-2017 получил студент четвертого курса факультета химии и химической технологии Самархан Абдугалиев. Звание первого Вице-Мистера получил студент механико-математического факультета Даулет Агабеков, и титул второго Вице-Мистера было присвоено студенту географии и природопользования Аманкельди Магжан.

В этот замечательный день никто не ушел без подарка, все участники и участницы стали победителями по различным номинациям.

Помимо самих финалистов, на сцене выступили студенческие танцевальные и музыкальные группы. Все номера были оригинальными и зрелищными, и мы надеемся, что в следующем году конкурс «Мисс и Мистер КазНУ – 2018» будет не менее ярким и интересным.

Анджелина ЛИМ

ТАБЫСҚА ЖЕТКІЗЕР ЖОЛ

ҚазҰУ-да Мансап және кәсіби даму орталығының ұйымдастыруымен «Табысқа жеткізер жол» атты бос орындар жәрмеңкесі өтті. Биылғы жәрмеңкеге 70-тен аса кәсіпорындар мен ұйымдар қатысты.



Жәрмеңке – жұмыс іздеп келгендер мен жұмыс берушілер үшін тиімді шара. Мақсаты – ҚазҰУ түлектерін өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналастыруға көмектесу. Бірегей алаң түлектерге қалаған жұмысын тауып, алдын ала жұмыс берушімен тілдесуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта еңбек нарығында инженер-технолог, IT-маманы, мұғалім, дәрігер, биотехнолог, маркетинг және т.б. мамандықтарға сұраныс көп. Атап өту керек, жас мамандарды еңбекпен қамту үшін мемлекет тарапынан «Жастар практикасы», «Жастардың кадрлік резерві» және «Дипломмен – ауылға» атты бағдарламалар жүзеге асырылып отыр.

«Биылғы жылы ҚазҰУ-да үш мыңнан аса маман даярланып шығады. Университет тарапынан студенттерді еңбекпен қамту

жөнінде жүйелі жұмыс жасалып отыр. Мәселен, Алматы қаласының «Тұрғындарды жұмыспен қамту» орталығымен келісімшарт жасалған және факультеттерде жұмыс берушілер кеңестері бар. Мұндай кездесулер жұмыссыздық деңгейін төмендетуге септігін тигізеді», – деді Мансап және кәсіби даму орталығының директоры Мұрат Сейсембаев.

Экономика және бизнес жоғары мектебінің 4-курс студенті Айжан Өтеген: «Көптеген студенттер жұмыс жәрмеңкесінен қажетті ақпарат алып, жұмысқа тұру мүмкіндігіне ие болды. Мен тікелей жұмыс берушімен сөйлесіп, тиісті құжаттарды толтырып қойдым. Болашақта жақсы компанияға жұмысқа тұрамын деген үмітім бар», – дейді.

Баспасөз қызметі

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің деканы Ж.Е. Жаппасовтың бастамасымен «Шынықсаң шымыр боласың» ұранымен декан кубогы үшін футболдан дәстүрлі факультетаралық жарыс өтті. Жарыста сегіз команда сынға түсті.

Дәстүрлі жарыс

Университеттің орталық стадионында өткен жарыста төрт команда финалға шығып, «Шаһен» мен «Асхат» командалары 1-орынға, «Badboys» пен «Бексұлтан» командалары 3-орынға таласты. Нәтижесінде Ауған Ислам республикасынан келген тыңдаушылардың «Шаһен» командасы 1-орынды қанжығасына байлап, төбелері көкке жетіп қуанды. 2-орынды колледждің «Асхат» командасы иеленсе, 3-орынды Ауған Ислам тыңдаушыларынан құралған «Badboys» командасы иеленді. «Badboys» пен «Шаһен» командаларының бас бапкері Аббаси Наджибулахтың еңбегін шәкірттері ақтады.

Тартысты бәсекені ұйымдастыруға барша факультет ұжымы атсалысып, жеңімпаздарға, сәйкесінше, алтын, күміс және қола кубоктар табысталды. Білім алушыларға сапалы біліммен қатар, саналы тәрбие беруді мақсат еткен шара жыл сайын өткізілуде. Факультетте жастардың терең білім алуына және бос уақыттарын тиімді өткізуіне барлық жағдай жасалған.

Б.И. ДОСАНОВ,
А.Қ. БИСЕНБАЕВ,
аға оқытушылар



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Жазгерке ҚАРАТАЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17
Тел: 8 (727) 273 - 12 - 04

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №3015

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.